

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

**ӘОЖ 37.0**

**КБЖ 74.00**

**II 23**

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

2.Яшина В.И., Ушакова О.С., Кучуков Х., Шабаева Г.Ф. Диагностический кластер в мастерской WORLDSKILLS: «Отношение между языком и теорией разума билингвальных детей» // Актуальные проблемы дошкольного образования: теория и практика (к 100 летию системы дошкольного образования РБ): материалы Национальной научно-практической конференции, посвященной 100-летию дошкольного образования РБ//ФГБОУ ВО «БГПУ им.М.Акмиллы», 25 сентября 2019г, г.Уфа/отв.ред. Шабаева Г.Ф.,Боронилова И.Г. – Уфа: Изд-во «Мир печати», 2020. – 350 с., 348 – 349.

## ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ КОМФОРТТЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ

**Ыдырыс А.Қ.**

ЕҰУ магистранты (ПП-М001), Нұр-Сұлтан қаласы  
[ydyrys.aruzhan@mail.ru](mailto:ydyrys.aruzhan@mail.ru)

**Аннотация.** Основным направлением работы в образовательных учреждениях является осознанное отношение учащихся к личной безопасности и ответственности за безопасность окружающих людей, а также определение эффективных путей по данному направлению. Этот вопрос всегда остается актуальным. Основная цель школы-создать безопасную и комфортную среду в образовании: максимально создать условия для полной безопасности учащихся, будь то в школе, в домашних условиях или на природе и в других местах.

**Ключевые слова:** образовательная среда, комфортная среда, безопасность, коллектив школы, мотивация, мотивация безопасности

**Abstract.** The main direction of work in educational institutions is to consciously treat students with a responsible attitude to their own safety and the safety of others, and to consider effective ways in this direction. This issue is always relevant. The main goal of the school is to create a safe and comfortable environment in education: to create the best possible conditions for the student to be completely safe, whether it is at school, at home or in nature and elsewhere.

**Key words:** educational environment, comfortable environment, safety, school staff, motivation, safety motivation

Оқушылардың қауіпсіздігі және комфортты ортада білім алуы - мемлекеттік, жалпы адамзат назарында тұрған дүние. Білім беру мекемелерінде жұмыстың ең негізгі бағыты, ол оқушылардың бойындасаналы түрде өздерінің жеке қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілік көзқараспен қатынас жасау және де осы бағыт бойынша тиімді жолдарды қарастыру болып табылады. Бұл айтылып отырған мәселе әр кезде де өзекті болып қала береді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты жыл сайынғы Жолдауында Сапалы білім беру мәселесіне тоқталған. Мемлекет басшысы құзырлы министрлікке білім берудің сапасын арттыруды тапсырма ретінде тағайындап, сонымен қатар өткір проблемалардың бірі – мектептегі орын тапшылығы атап өтілді. [1]

Бұл деген сөз, мектеп оқушылары үшін ең алдымен комфортты ортада білім алуы қажет екенін алға тартады. Осы тапсырманы табысты іске асыру барысында қандай нәтиже күте аламыз? Оқушылардың психикалық-күйі сақталады. Оқушылардың мектепке бейімделуі жеңілденеді. Қарымқатынас жасауда жоғары жауапкершілігі артады. Сыйластықтағы өзара қарым –қатынас қалыптасады. Әрекеті мен сөзіндегі мәдениеті дамиды. Мектеп ұжымы, ата-ана, оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас орнайды.

Оқушыларға қауіпсіз білім және комфортты ортада сапалы білім беру ортасын құру мәселесі бойынша *психологиялық аспектілерді* қарастырған отандық психолог-ғалымдар З.М. Балғымбаева, Қ.Б.Жарықбаев, Н.С. Ахтаева, Бельгибаева Г.К., Айтжанова Р.М., Ж.Намазбаева, К.Оразбекова, Жақыпов С.М., С.И.Оспанов, және т.б өз еңбектерінде зерттеген. Сонымен бірге шетелдің психологтары В. В. Рубцов, Ананьев В.А, Г. А. Ковалев, Гурьева Д.Х, С.Д. Дерябон, В.И. Слободчиков, Дж. Гибсон, Грачев Г.В, А.В. Петровский, И.М. Улановская, Д.Б. Эльконин, В.А. Ясвин, Н. Д. Левитов т.б. арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Қазақстанда қауіпсіз білім мен тәрбие ісінің теориялық негізде *педагогикалық аспектілерін* Б.И. Иманбекова, Ж.Сармонова, Г.Ж. Меңлібекова, Қоянбаев Ж., Оралқанова И.А., Әлімов А., Бельгибаева Г.К., Айтжанова Р.М., Г.Қажиева, Жақұпова Д.С, С.Қалиев, Ш.Майғаранов, Г.Нысанбаева т.б. зерттеулерінде қарастырған. Шетел педагог ғалымдары Н. В. Кузьмина, Т.Ф. Садчикова, В. И. Смирнова, В. И. Спиринов, В. А. Слостенин, Е. Г. Шаинаның, А. В. Перушкин, Д. Ю. Коптев, Давыдов В.В, М.А.Данилов, Вербицкий А.А, Я.А.Коменский, Головина Л.М., А.С.Макаренко, В.Н. Мошкин, Платонова Т.А, М.П.Осипова, Щербакова Т.Н, В.А.Слостенин, Алексеев С.В, В.А.Слостенин, В.Сухомлинский, К.Д.Ушинский, М.Б. Калашникова, Мельникова Т.В, Власова Л.М. Сапронов В.В. Фрумкина Е.С.Шершнева және т.б. ғалымдар қолайлы білім беру ортасын әр қырынан зерттеген.

Мектептің негізгі мақсаты – білім беруде қауіпсіз және комфортты орта құру: мейлі ол, мектепте болсын, үй жағдайында немесе табиғат аясында және де тағы басқа да орындарда болсын оқушының толық қауіпсіз болуына мүмкіндігінше жағдай жасау. Оқушы өзінің жас ерекшелігіне қарай қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды. Дегенмен, ол кейбір нұсқаулар мен керекті білімдерді игеруі мен дағдыларды меңгере алады.

Сондықтан да, мәселелердің туындауынан және оларды болдырмау үшін оқушыларға мектеп қабырғасында арнайы құрылған және бекітілген ережелер мен этикалық нормаларды орындауына бағытбағдар беруіміз қажет. Жалпы оқушылар үлкендердің талаптарымен менережелеріне сезімталдықпен қарап, оларды орындауға тырысады. Осыған сәйкес мотивтердің жаңа топтары туындайды. Және олар былай сипатталады:

- 1) үлкендердің іс- әрекетіне және көзқарасының қызығушылығына байланысты;
- 2) ойындық ситуацияда,
- 3) үлкендермен және басқа балалармен жақсы қарым- қатынаста болу;
- 4) өзіндік нәтиже, өзіндік бекіту;
- 5) танымдық,
- 6) бәсекелестік;
- 7) тиімді нәтижелерге қол жеткізу;
- 8) адамгершілік;
- 9) қоғамдық ;

В.Н. Мошкиннің идеясына сүйенсек, қауіпсіздік мәдениетін ұйымдастыру үшін мынадай жұмыс мазмұны анықтауға болады:

- қауіпсіздік мотивациясын тәрбиелеу;
- қауіпті жағдайларды білу және одан қорғану құралдары мен жолдарын білу мен соны игеру;
- қауіпсіздік тәртібіндегі компетенцияны ұйымдастыру;
- болып жатқан жағдайды бақылау мен эмоциялық тұрғыда дұрыс қабылдау;
- қауіпсіздік тәртібінде психологиялық тұрғыда өзін өзі ұстау, дайын болу.[2]

Осыған байланысты **қауіпсіздік мотивациясына тәрбиелеу компоненттері туындайды.** Компоненттерге сәйкес **мотивацияның үш типі** анықталады:

- 1) өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және де айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жағдай жасау;
- 2) қауіпсіз ортада болу, жүру және де жағдайды бақылау мен қауіпті ситуациялардан аулақ жүру шарттарын орындау;

3) қауіпсіз ортада болу мотивациясы және өзіндік тәртіп бұзушылыққа жол бермеу.

И.А.Баева білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігінің көрсеткіші ретінде келесідей аспектілерге бөлген:

- Қоғамның төмендетуінен қауіпсіздік;
- Қорлаудан қауіпсіздік;
- Мазакқа айналумен қауіпсіздік;
- Қорқыту, үркітуден қауіпсіздік;
- Қалауынан тыс әрекет жасаудан қауіпсіздік;
- Назардан тыс қалудан қауіпсіздік;
- Сыйластық танытпаудан қауіпсіздік;[3]

Жоғарыда келтірілген қауіпсіздіктерден бөлек мектеп ұжымы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалана білуі шарт. Қазіргі заманда оқушы әр түрлі жағдайларға тап болуы мүмкін. Мысалы: үйде жалғызқалуы мүмкін; сыныптастарының қысымына ұшырауы мүмкін; заманауи жаңа термин «кибербуллингке» соқтығысуы мүмкін (кибербуллинг- адамды интернетте, әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау); бос уақытында зиянды әрекеттерге баруы мүмкін; мектеп қабырғасында жаңа, бөгде адамдармен кездесіп қолайсыз, қиын жағдайда қалуы мүмкін. Сондықтан, мектеп ішінде өткізілетін сыныпта немесе сыныптан тыс шаралар балаөмірінде үлкен роль атқарады.

Бұл жұмыс түрлерін оқушылардың саналы түрде қабылдауы үшін мектеп психологынан бастап сынып жетекшілер де, тәрбиешілер де, тіпті барлық мектеп ұжымы, мұғалімдері ортақ бағытта жұмыс жасай отырып, оқушының өз жағдайында алған материалдарды дұрыс қолдана білуіне жағдай жасау керек.

Сонымен, психологиялық қауіпсіздік психиканың сақталу жағдайы ретінде адамды қоршаған ортаның теріс әсерлері мен оның тұрақтылығы арасындағы белгілі бір тепе-теңдікті сақтауды, мұндай әсерлерді өз ресурстарымен немесе қоршаған ортаны қорғау құралдарының көмегімен жеңу қабілетін қамтиды. факторлар. Жеке тұлғаның және қоршаған ортаның психологиялық қауіпсіздігі бір-бірінен ажырағысыз және адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесудегі тұрақты дамуы мен қалыпты қызмет етуінің үлгісін білдіреді.

Психологиялық қауіпсіздік – өзара әрекеттесу кезінде психологиялық зорлық-зомбылық көріністерінен бос, жеке-құпиялық қарым-қатынасқа қажетті негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал ететін, қоршаған ортаның референттік маңыздылығын тудыратын және оған қатысушылардың психикалық денсаулығын қамтамасыз ететін білім беру ортасының жағдайы. ішінде.

Қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруда педагог-психолог өте маңызды рөл атқарады. Маман қызметінің жалпы мақсаты – оқу орнының мақсаттары мен басымдықтары негізінде білім беру процесіне қатысушыларды (дамудың әртүрлі кезеңдерінде) психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру.

Мектептегі оқушылардың комфортты жағдайы үшін мектептің немесе сыныптың толық жабдықталуы жеткілікті. Оқушылардың комфортты ортада білім алуы дегеніміз жалпылама түрде ешқандай мазасыздық туындамау; сонымен қатар мұғалім алдында сөйлеуде еш тартынбай өз ойын еркін жеткізе алу; сыныптастарымен қарым -қатынас кезінде қолайсыздық сезінбеу; Мектеп-оқушы үшін қауіпсіз, психологиялық қысымнан еркін және де сенімді қарым-қатынас орната алатын ортаға айналуы тиіс.

Мектеп кезеңінде оқушыларды өз-өзін бақылау мен өз тәжірибесі бойынша іс - әрекетті жоспарлауды қалыптастыру - мектептің негізгі бағыты болып табылады.

Қорыта келе, оқушыларға психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету арқылы балаға барлық жағдайда да көмектесе аламыз. Бала мәселесін қозғаған кезде, әрқашан баланың мектепте, мектептен тыс уақытында қолайлы орта мен қауіпсіз білім беру ортасына құру арқылы ғана оқушылардың қоршаған ортада өздерін жайлы сезінуіне жағдай жасай

аламыз. Бала мен мұғалім арасында сенімді, ал ата-ана мен бала арасында ашық қарым-қатынас болуы дұрыс. Сонда ғана, мұғалім балаға көмектесе алады, және ата-ана бала жанын түсініп, оған қол ұшын береді. Оқушылардың сапалы білім алуына қауіпсіз және комфортты жағдай туғызу- негізгі міндет.

### Әдебиеттер

1. <https://baiterek.gov.kz/kk/president-messages>

2. Костецкая Г.А. Средовый подход в образовании: безопасная образовательная среда современной школы // Молодой ученый.

3. Алексеев С.В., Т.В. Мельникова, Безопасная школа – СПб, 2013

## САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шалабаева Лаура Исмаилбековна

PhD

Ергазиева Гульмира Тогузбаевна

7M01100- Педагогика және психология, 2 курс магистранты

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

**Аннотация:** На сегодняшний день в Республике Казахстан происходит активное вхождение цифровых технологий во все сферы жизни современного общества. Они определяют новые подходы к качеству общественной и частной жизни, открывая новые возможности и одновременно создавая новые проблемы. В данной статье рассматривается проблема формирования инновационной компетентности будущих педагогов на основе цифровых технологий. Уточнено содержание понятия «инновационная компетенция будущего педагога» как компонента профессиональной компетентности, обеспечивающего инновационный уровень и качество образовательного процесса, воплощение актуальных и потенциальных способностей его субъектов.

**Ключевые слова:** цифровые технологии, инновация, инновационная компетентность, инновационная компетенция будущего педагога, компетенции, инновационные компетенции.

**Abstract:** Today in Kazakhstan there is an active spread of digital technologies in all spheres of life of modern society. they define new approaches to the quality of public and private life, opening up new possibilities and meeting new challenges. This article considers the problem of the formation of innovative competence of future teachers based on digital technologies. The content of the concept of "innovative competence of the future teacher" is specified as a component of professional competence, which ensures the innovative level and quality of the educational process, the embodiment of the actual and potential abilities of its subjects.

**Key words:** reflection, competence, reflective competence, development of reflective competence, competencies, innovative competencies.

Жоғары білім беру саласын цифрландыру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы болып табылады. Цифрландыру білім беруді ақпараттық ресурстармен біріктіруді көздейді. Бұл цифрлық ақпарат құралдарына ақпараттың үлкен көлемін ендіру, өңдеу, сақтау, алмасу және тасымалдау технологияларын енгізуге негізделеді. Әлемдік даму тәжірибесіне сүйене отырып, елімізде жаһандық бәсекелестікке бейімделген болашақ мамандарды дайындау мәселесін шешуге бағытталған «Цифрлық Қазақстан» [1], «Білімді ұлт: сапалы білім беру» ұлттық жобалары іске асырылуда [2].

Білім беруді цифрлық трансформациялау үдерістерін және университеттердің осы үдеріске әсерін ресейлік ғалымдар Э.В.Галажинский, О.Гаус, А.В.Зайцев, А.В.Кочергин,